

Лебяжі ауданының елді мекендер аумағында ақпараттық жарнама өнімдерін орналастыру қағидасы туралы

Күшін жойған

Лебяжі аудандық мәслихатының 2003 жылғы 2 шілдедегі N 3/22 шешімі. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 18 тамызда N 1990 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 28 шілдедегі N 8/2 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі аудандық мәслихатының 2009 жылғы 28 шілдедегі N 8/2 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Жергілікті мемлекеттік басқару туралы", "Нормативті құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес және сыртқы ақпарат, жарнама құралдарын тиімді орналастыру және пайдалану мақсатында аудандық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Лебяжі ауданының елді мекендер аумағында ақпараттық жарнама өнімдерін орналастыру қағидасы (әрі қарай - қағида) бекітілсін (тіркеледі).

2. Аудандық өндірістік-коммуналдық сала бөлімі бекітілген қағиданы тұрғындарға жеткізетін болсын.

3. Шешімнің орындалуын қадағалау мәслихаттың әлеуметтік мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

II шақырылған

аудандық мәслихаттың

XXII сессиясының төрағасы

Аудандық мәслихаттың
2003 жылғы 2 шілдедегі
N 3/22 "Лебяжі ауданының елді
мекендер аумағында ақпараттық
жарнама өнімдерін орналастыру
қағидасы туралы" (XXII-сессия,
II-шақырылған) шешімімен бекітілген

Лебяжі ауданының елді мекендер аумағында ақпараттық жарнама өнімдерін орналастыру қағидасы

Бұл қағида Лебяжі ауданының елді мекендері аумағында сыртқы жарнаманы өндіру, орналастыру, таратумен байланысты қарым-қатынастарды реттейді.

I. Қағидада қолданылатын негізгі ұғымдар

1. "Сыртқы жарнама" жарықтық табло, стенд, плакат және басқа да техникалық құралдар түрінде таратылатын белгісіз тұлғалар шеңберіне арналған және оларда соларға деген қызығушылықты құрастыруды немесе қолдауды бейімдейтін жеке немесе заңды тұлға, тауарлар, идеялар мен бастамалар туралы ақпарат.

2. "Жарнама беруші" жарнаманы өндіру, орналастыру және кейін тарату үшін жарнамалық ақпарат көзі болып келетін жеке немесе заңды тұлғалар.

3. "Жарнама таратушы" мүлікті, соның ішінде техникалық құралдарды және басқа тәсілді пайдалану және беру жолымен жарнамалық ақпаратты орналастыру мен таратуды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.

4. "Уәкілетті орган" жергілікті атқарушы орган немесе оның уәкілетті тұлғасы

5. Ақпараттық жарнама өнімдері ауылды көркемдік-эстетикалық рәсімдеудің элементі болып табылады және ақпараттық жарнама түрінде беріледі:

- 1) төбенің үстіне қойылатын жарнамалық қондырғылар;
- 2) жарықтандыру тұғырларында, кронштейнде, тегіс қабырғалардағы газожарықтық және жарықтық жарнамалық қондырғылар;
- 3) көлемді-кеңістіктік жарнамалық қондырғылар (төбенің үстінде, бөлек тұратындар);
- 4) щиттік жарнамалық құрылымдар (сонымен қатар бөлек тұратындар);
- 5) витриналардағы жарнамалық стендтер, жазулар мен бейнелер;
- 6) жұмсақ төсемделердегі, жалаушалардағы жарнама;
- 7) жарнама ақпарат стендтерінде және басқа да осы мақсатқа бейімделген орындарда, қоғамдық көлік аялдамаларындағы ақпараттық жарнама көрсеткіштері, жазбалар, хабарландырулар, жазулар;
- 8) маталардағы жарнамалық жазулар;
- 9) тағы да басқа ақпараттық жарнама өнімдер түрі.

II. Жарнамаға қойылатын негізгі талаптар

6. Жарнама нысаны мен қолданылған тарату құралына қарамастан, оны көрген кезде ақ арнаулы білімсіз немесе техникалық құралдарды пайдаланбай танымды болуы керек.

7. Мекемелер мен кәсіпорындардың ақпараттық көрсеткіштері мен маңдайша жазуларының, сонымен қатар жарнамалық өнімнің мәтіні міндетті түрде қазақ және орыс тілдерінде орындалуы тиіс, егер де, аталған кәсіпорындардың белгіленген тәртіпте тіркеуден өткен логотиптері, сауда белгілері, сауда таңбалары және шетел тілінде жазылған атаулары болса, олар тиісті құжаттарды көрсеткен жағдайда қосымша түпнұсқалық түрде пайдаланыла алады.

Барлық визуалдық ақпараттың мәтіні келесі тәртіпте орналастырылады:
сол жағынан немесе жоғарыдан мемлекеттік тілде;
оң жағынан немесе төменнен орыс тілінде;
мөлшері бойынша бірдей әріптермен жазылады.

Қажет болған жағдайда визуалдық ақпарат мәтіні қосымша басқа да тілдерде де көрсетіледі.

8. Қазақстан Республикасының заңнамасымен айналымға тыйым салынған тауарларды жарнамалау рұқсат етілмейді.

9. Жарнама азаматтарды зорлыққа, басқыншылыққа, жеке тұлғалардың денсаулығына зиян келтіретін және олардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін іс-әрекеттерді болдырмауы тиіс.

10. Жарнама табиғатты қорғау заңнамасын бұзатын іс-әрекеттерді болдырмауы тиіс.

11. Жарнамада дінге, философияға, саясатқа, тілге, жынысқа немесе жас топтарына, профессионалдық немесе әлеуметтік санатқа, ұлтқа қатысты кір келтіретін сөздер, салыстырулар, жалпы қабылданған адамгершілік нормаларын бұзатын мәтіндік, көрермендік ақпарат болмауы тиіс.

12. Жарнама ұлттық мәдени игілікті құрастыратын өнер объектілеріне, мемлекеттік символдарға (жалау, елтаңба, әнұран), кез-келген мемлекеттің валютасына, діни рәміздерге, қандай да болмасын жеке немесе заңды тұлғаға, қызметке, мамандық пен тауарға кір келтірмеуі тиіс.

13. Табак өнімдерінің жарнамасы әрдайым темекі шегудің қауіпі туралы ескертумен қоса берілуі тиіс.

14. Ақпараттық жарнама өнімдері міндетті түрде тәуліктің кешкі және түнгі кездерінде сыртқы немесе ішкі жарықпен жарықтық техникалық құралдарының талаптары мен нормаларын сақтаумен жарықтандырылуы тиіс.

III. Ақпараттық жарнама өнімдерін орналастыру тәртібі

15. Аудан аумағында ақпараттық жарнама өнімдері уәкілетті органның рұқсатымен орналастырылады.

16. Рұқсат беруге жарнама берушінің объектіні орналастыру орнының схемасын, объектіні көркемдік рәсімдеу және визуалдық жарнаманың нұсқасын қоса берген өтініші негіз болады. Уәкілетті орган аталған құжаттарды алған күннен кейін 15 күн ішінде қарастырып, жарнамалық өнімді орналастыруға келісу немесе бас тарту туралы шешім қабылдайды.

17. Жарнама берушіге құжаттарды қайтарып берген жағдайда өтінішті қарастыру мерзімі қайта басталады.

18. Ақпараттық жарнама өнімдерін орналастыруға рұқсат 30 күн ішінде күшін сақтайды. Объектіні орналастырмаған жағдайда рұқсат күшін жояды да белгіленген тәртіпте басқа тапсырыс берушіге рәсімделеді. Техникалық себептерге байланысты рұқсаттың мерзімі уәкілетті органмен ұзартыла алады.

19. Ақпараттық жарнама өнімдерін орналастыру үшін ақы мөлшері жергілікті атқарушы органның шешімімен белгіленеді.

20. Ақпараттық жарнама өнімдерін мәдениет ескерткіштері, ритуалдық объектілер, ғимараттар, күзетілетін табиғи комплекстер орналасқан аумақтарда орналастыруға рұқсатты биоресурстар және экология, мәдениет т.с.с. бөлімдердің келісімімен уәкілетті орган береді.

IV. Жауапкершілік

21. Елді мекендер аумағында ақпарат пен сыртқы жарнама құралдарын орналастыру және қолдану қағидасының орындалуын бақылауды аудан әкімінің өкімімен тағайындалатын архитектуралы-техникалық комиссия жүзеге асырады.

22. Қолдану кезінде ақпараттық жарнама объектінің инженерлік-техникалық және көркемдік декоративтік мөлшерлері үшін жарнама иесі жауап береді.

23. Ақпараттық жарнама өнімдерінің мазмұнының сенімділігі үшін жарнама беруші жауап береді.

24. Ақпарат және сыртқы жарнама құралдарының орындалу сапасы үшін жарнама иесі жауап береді.

25. Уәкілетті қызметтердің нұсқамаларының көрсетілген мерзімде орындамаған жағдайда жарнаманы әрі қарай қолдану мәселесі архитектуралы-техникалық комиссияның қарауына ұсынылады.

26. Қажет болған жағдайда архитектуралы-техникалық комиссия тиісті органдарға кінәлілерді жауапқа тарту туралы нұсқама дайындайды.

27. Жарнамалық қызметтің міндетті қағидасын бұзғаны үшін субъектілерге Қазақстан Республикасының қолданыста бар заңнамасының негізінде әкімшілік шаралар немесе басқа да жауапкершілік шаралары қолданылады.